

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қары іс-қымыл агенттігінің 2017-2021 жылдарға арналған
стратегиялық жоспарын іске асыру бойынша есебі**

Есепті кезең: 2017 жыл

1. Тәуекелдерді басқаруды талдау

Ықтимал тәуекелдердің атауы	Тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шаралар	Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралардың іс жүзінде орындалуы	Ескертпе (орындалуы/орындалмауы туралы акпарат)
1	2	3	4
1-стратегиялық бағыт. Кәсіби мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастыру			
1.1-мақсат. Мемлекеттік қыzmешілердің құзыретті және кәсіптік корпусын қалыптастыру			
Мемлекеттік қызметке кіру тек төменгі лауазымдардан басталуы талап етілетініне байланысты кадрлық мобиЛЬДІЛІК деңгейінің төмендеуі және «Б» корпусының кадрлық резервінің таратылуы.	Ішкі конкурстарды өткізу мерзімдерін қысқарту және оны өткізу тәртібін женілдету, сондай-ақ мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметкерлер арасындағы ішкі конкурс өткізілген соң іле-шала жалпы конкурс өткізу мүмкіндігін беру.	Конкурстың рәсімдерді оңайлату жөніндегі жұмыс жалғасуда. Егер 2016 жылы ішкі және жалпы конкурс шарттары қысқартылса, 2017 жылы Агенттік Төрағасының «Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы» (2017 жылғы 21 ақпан) №40 бүйрүгімен «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидаларына түзетулер енгізілді, егер де бос лауазымдар жетекшілік болмаса немесе тар мамандандырылған лауазым	Қол жеткізілді

		<p>болса, не С-R, Е, Е-R және Е-G мемлекеттік әкімшілік лауазым санатына жатса барлық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерінің арасында үйимсyz жалпы конкурсты өткізу қарастырылған.</p>	
Құрылатын мансаптық модельге байланысты кадрлардың жетіспеушілігінің орын алуы, онда вакансияларға орналасу алғашқы кезекте «ішкі ресурстар» есебінен жүзеге асырылады, ал бағалау, этикалық бақылау, ротация секілді институттар және басқалар қызметшілерді жұмыстан шығару үшін негіздемелерін көнектеді.	Кадрлардың жетіспеушілігін болдырмау үшін мемлекеттік қызметке шетелдік менеджерлер, жеке сектордың жекелеген мамандары және халықаралық үйимдардың қызметкерлерін тартудың айқын тетігін қалыптастыру.	<p>«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 11 қадамын орындау мақсатында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 64-бабымен Мемлекеттік органдарға шетелдік қызметкерлерді тарту қарастырылған.</p> <p>Заңның іске асырылуына Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына шетелдік қызметкерлерді тарту қағидалары (Қазақстан Республикасы</p> <p>Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1198 қаулысымен Бекітілген) қабылданды.</p> <p>Аталған Қағидалармен Шетелдік жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау, еңбек шартын жасасу және бұзу тәртібі, сондай-ақ ол үшін қажетті құжаттар реттеледі.</p> <p>2017 жылғы 30 маусымда осы Қағидаларға үкіметтің қаулысымен түзетулер енгізілді.</p> <p>Түзетулер 2016 жылғы 19 тамыздағы</p>	Қол жеткізілді

		Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссияның хаттамасына сәйкес әзірленді және шетелдік қызметкерлерді тартуға болатын лауазымдарды бекіту тәртібін, оларды үйлестіру тәртібін, іріктеу критерийлерін және олардың қызметіне мониторинг жүргізу тәртібін толықтырды.	
Бағалау мен сыйақы беру жүйесі байланыстырылғандықтан (нәтижелер бойынша еңбекке ақы төлеу қағидатының енгізілуімен), адами фактор бар болғаны үшін бағалау кезінде субъективизмнің көрініс табуды.	Бағалаудың және ұжымдық қабылданатын шешімдердің айқын, бір мәнді өлшемдерін белгілеу арқылы бағалаудың және оның нәтижелері бойынша бонустар төлеудің объективтілігі мен ашықтығын барынша көп қамтамасыз ету.	<p>Агенттік жұмысының қорытындысы бойынша Жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссиямен (24.11.2016ж. №01-7.9(ХТ) хаттамасының 1.2 т.) еңбекақы төлеудің жаңа жүйесін енгізу мақсатында мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау әдістемесін жетілдіру тапсырылды.</p> <p>Жоғарыда көрсетілген тапсырманы орындауда, Агенттік шетелдік сарапшылардың көмегімен 2017 жылғы 26 желтоқсанда Президент Әкімшілігімен бекітілген «А» және «В» корпусының қызметкерлерінің қызметін бағалаудың жаңартылған тәсілдерін әзірледі.</p> <p>Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметшілердің қызметін бағалау әдістемелері Агенттік Төрағасының (2018 ж. 16 қантардағы №13) бүйрүғымен бекітілді.</p>	Қол жеткізілді

2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру			
2.1-мақсат. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды арттыру			
Қызмет алушылармен мемлекеттік қызмет көрсету сапасына шағымдануының уақытылы болмауы және мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызмет көрсету саласы бойыша заңнама бұзушылыққа жол берген тұлғаларды жауапқа тарту мерзімінің өтіп кетуі.	Қызмет алушылардың сапасыз мемлекеттік қызмет көрсетуге шағымдану бойынша мәселесімен хабардар болу деңгейін арттыру.	Агенттік 2600-нан астам түсіндері іс-шараларын еткізді және мемлекеттік көрсетілген қызметтердің сапасы туралы 300-ден астам баспа өнімі таратылды.	Қол жеткізілді
Қоғамдық мониторинг қорытындысы бойынша қызмет алушылардың көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасымен қанагаттануының төмен деңгейде болуы.	Қызмет алушылардың көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша мәселелермен хабардар болу деңгейін арттыру Ішкі бақылау қызметтерімен мемлекеттік қызмет көрсету заңнамасын бұзушылықтарға жол бермеу. Мемлекеттік органдармен көрсетілетін қызметтер бизнес-процестерін онайлату, оларды көрсету сапасын	Агенттіктің және оның аумақтық бөлімшелерінің ақпараттық-түсіндіру жұмыстары тұрақты негізде жүргізіледі. Агенттікпен білім беру, ауыл шаруашылығы, халықты әлеуметтік қорғау және денсаулық сақтау салаларында 50 мемлекеттік қызметті көрсету рәсімдері талданды. Талдау нәтижелері бойынша - бір өтініммен бірнеше мемлекеттік қызмет көрсету (2 қызмет үшін); - құжаттарды қысқарту (9) және қарау мерзімдері (14);	Қол жеткізілді

	нашарлау себептерін анықтау.	<ul style="list-style-type: none"> - стандарттар мен нормативтік актілердің жоғары деңгейлі нормативтік актілермен үйлестіру (24 қызмет үшін); - қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздеме енгізуімен (11 қызмет үшін) байланысты, оларды қамтамасыз ету тәртібін жетілдіру жөніндегі ұсынымдар әзірленді. <p>Мемлекеттік органдармен 30 мемлекеттік қызмет бойынша ұсыныстар қолданы және тиісті нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.</p>	
3-стратегиялық бағыт. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл			
3.1-мақсат. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру			
3.2-мақсат. Қоғамның және мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық деңгейін барынша азайту			
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдау нәтижелері бойыншасыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде ұсынымдардың орындалмауы	Сыртқыталдау аяқталғаннан кейін 6 ай ішінде талдау объектілерімен өзара тығыз байланыста болу.	Мұдделі мемлекеттік органдармен келісім бойынша, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюдың 12 жоспары әзірленді (ПМ ТЖК – 2, ИДМ – 3, АШМ – 3, ДСМ – 1, ӘМ – 1, ҚМ – 1, ЭМ – 1).	Қол жеткізілді

Қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа тәзбеушілік деңгейінің артуы.	Халықтың құқықтық сауатын арттыру және сыйбайлас жемқорлыққа «мұлдем тәзбеушілікке» тәрбиелеу бойынша жұмыс жүргізу. Сыйбайлас жемқорлық қатерлерін жою және мемлекеттік аппарат пен қоғамның әрекеттесуі кезіндегі әкімшілік рәсімдерді жетілдіру.	<p>Мемлекеттік қызмет, мемлекеттік қызметтер, сыйбайлас жемқорлықтың алдын-алу және этика нормаларының өзекті мәселелері бойынша орталық және өнірлік деңгейлерде барлық мақсатты топтар үшін тұрақты негізде түсіндірме кездесулері өткізілуде.</p> <p>Үәкілетті орган және оның аумактық бөлімшелері барлығы 9 162 дәрістер мен семинарлар өткізді.</p> <p>Сондай-ақ, қоғамдағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың кешенді жоспары шенберінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған конференциялар, дәңгелек үстелдер, сұхбат аландары түрінде тақырыптық ішараалар жүргізілуде.</p> <p>Откен жылы облыстық деңгейде 295 конференциялар мен форумдар және 1558 дәңгелек үстел өткізілді.</p> <p>2017 жылы 313 мемлекеттік орган мен ұйымның қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.</p>	Кол жеткізілді
---	---	---	----------------

2. Мақсаттарға және нысаналы индикаторларға қол жеткізу

Нысаналы индикатордың атауы 1	Ақпарат көзі 2	Өлш. бірл. 3	Есепті кезең Жоспар 4		Ескертпе (орындалуы/ орындалмауы туралы ақпарат) 6			
			Жоспар 5	Факт				
1-стратегиялық бағыт. Кәсіби мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастыру								
1.1-мақсат. Мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттыру								
Мемлекеттік қызметшілердің таза ауысымдылығының үлесі (мемлекеттік қызмет жүйесінен шығу)	Агенттіктің ведомстволық мәліметтері	%	6,2	6,2	<p>Қол жеткізілді «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы мансап моделіне көшуді қамтамасыз етіп, бірінші кезектегі тәртіпте, конкурстың қорытындысы бойынша ең алдымен мемлекеттік органның қазіргі қызметкерлерінің қызметте ілгерілеуін анақтады.</p> <p>Бұл мемлекеттік аппарат үшін тұрақтандыруши рөл атқарып, осы көрсеткішті жақсартты.</p> <p>Жалпы, соңғы жылдары мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша оң серпіні байқалады.</p> <p>2017 жылы таза ауысымдылығының үлесі 6,2% курады (6121 адам), бұл өткен</p>			

					жылдармен салыстырғанда шамамен 2 есе аз (2015 жылы – 11,2 %, 2014 – 12,3 %, 2013- 11 %).
Қайта даярлау мен біліктілікті арттыру курсын өтуге жататын мемлекеттік қызметкерлер арасында қайта даярлау мен біліктілікті арттыру курсын өткен орталық мемлекеттік орган қызметкерлерінің үлесі	Агенттікің ведомстволық мәліметтері	%	92,5	101,2	Қол жеткізілді 2017 жылы біліктілікті арттыруды 10985 мемлекеттік қызметші өтуі тиіс. Мемлекеттік сатып алу нәтижелері бойынша қаражаттың үнемделуіне байланысты, оқытууды 11172 қызметкер өтті, бұл 101%-ды құрайды.
Мемлекеттік қызметкерлердің Академиядағы оқытудың сапасымен қанағаттану үлесі	Әлеуметтік сауалнама нәтижелері	% (тындаушылардың жалпы санынан)	88	88,5	Қол жеткізілді Сауалнама нәтижесі бойынша жоғары білім беру бағдарламаларында оку сапасымен қанағаттанған білім алушылардың үлесі – 88%. Қосымша білім беру институтымен жүзеге асырылатын қайта даярлау курсары мен біліктілікті арттыру семинарларында оку сапасымен қанағаттанушалырдың үлесі – 88,1%. Орталық Азия өніріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерртеу орталығымен жүзеге асырылатын біліктілікті арттыру курсарында оку

					сапасымен қанағаттанушалырдың үлесі – 89,5% куралды.
Байқаушылар мен сарапшылардың қатысуымен өткізілген конкурстардың (ішкі және жалпы) үлесі	Агенттіктің ведомстволық мәліметтері	%	78,5	85,6	<p>Қол жеткізілді 2017 жылғы 24694 «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурстардың 85,6 % немесе 21173 байқаушылардың қатысуымен өтті.</p>
Әдең жөніндегі кеңестер берген ұсынымдардың орындалған үлесі	Агенттіктің ведомстволық мәліметтері	%	85	99,1	<p>Қол жеткізілді 2017 жылды Әдең жөніндегі кеңес Әдең жөніндегі уәкілдердің қызметін үйлестіру, мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларымен өзара іс-қымыл жасау, сыйайлас жемқорлықтың алдын алу нысандары мен әдістерін жетілдіру мақсатында 2539 ұсыныс берді. Олардың 2517 (99,1%) орындалды.</p>
Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың сақталуы жөніндегі тексерістердің нәтижелері бойынша құқықтары қалпына келтірілген өтініш берушілердің үлесі	Агенттіктің ведомстволық мәліметтері	%	44	52	<p>Қол жеткізілді 2017 жылды өз құқықтарын қорғауға 591 азамат өтініш білдірді. Тексеру нәтижелері бойынша 305 (52%) тұлғаның құқықтары қалпына келтірілді.</p>

Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың сақталуына қатысты тексерістердің қорытындылары бойынша мемлекеттік органдарға енгізілген ұсыныстар мен ұсынулардың орындалған үлесі	Агенттіктің ведомстволық мәліметтері	%	92	98	Қол жеткізілді Агенттік және оның аумақтық бөлімшелері 1202 тексеріс жүргізді, олардың 650 заңсыз әрекеттерді жою туралы зан бұзушылықтарды жою туралы ұсыныстары мемлекеттік органдарға ұсынылды, олардың 638 (98%) орындалды.
2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру					
2.1-мақсат. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды арттыру					
Реестрдегі жалпы санының ішіндегі Агенттіктің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын мониторингпен қамтылған мемлекеттік қызметтердің үлесі	Әлеуметтік сауалнама нәтижелері	%	7,4	7,4	Қол жеткізілді Мемлекеттік қызмет көрсетудің қоғамдық сапа мониторингі мемлекеттік қызметтің тізіліміндегі жалпы санынан (746) 55 қызмет түрі бойынша жүргізілді, ол 7,4% құрады.
Тексеріс барысында анықталған бұзушылықтардың қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті алушылардың,	Агенттіктің ведомстволық мәліметтері	%	76	82,8	Қол жеткізілді Өтініштердің негізінде Агенттіктің және оның аумақтық бөлімшелерімен 313 жоспардан тыс тексеру жүргізілді (215 өтініш берушілердің аргументтері расталды).

жұтінулері бойынша, қалпына келтірілген құқықтарының үлесі					178 (82,8%) жағдайында өтініш берушілердің құқықтары қалпына келтірілді. Қалған бұзылған құқықтарды қалпына келтіру жөніндегі ұсынымдар орындалуда.
3-стратегиялық бағыт. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл					
3.1-мақсат. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру					
Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген сыртқы талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалған үлесі	Агенттікің ведомстволық мәліметтері	%	71	80	Кол жеткізілді 2017 жылы 313 мемлекеттік орган мен ұйымның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді. 2532 ұсыныс берілді, оның 2016 (80%) орындалды.
Сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендетуге жеке септігін қосуға дайындығын білдірген азаматтардың үлесі	Әлеуметтік сауалнама нәтижелері	%	55	55,5	Кол жеткізілді Әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша облыс орталықтарының және республикалық маңызы бар қалалардың тұрғындарының арасында сыбайлас жемқорлықтың деңгейін төмендетуге жеке септігін қосуға дайындығын білдірген азаматтардың үлесі 56,8%; шағын қалалардың тұрғындары арасында - 54,7%; ауыл тұрғындарының арасында - 52,3% құрады. Ел бойынша орташа көрсеткіш 55,5% құрайды.

Халықпен сыйлас жемқорлық деңгейін қабылдау	Әлеуметтік сауалнама нәтижелері	%	71	70,1	Қол жеткізілді Алынған респонденттердің саны 10 000 (жеке тұлғалар - 5200, занды тұлғалар - 2400, жеке кәсіпкерлер - 2400 адам). Респонденттерге «Республикалық және жергілікті атқарушы органдардағы сыйлас жемқорлық деңгейін қалай бағалайсыз?» - деген сұрақ қойылды. Талдау нәтижелері бойынша «жоғары деңгей» және «орташа деңгей» жауаптарды қорытындылай отырып, жеке тұлғалардың сыйлас жемқорлық деңгейін 70,1%, занды тұлғалар - 71,7% және жеке кәсіпкерлер - 68,9% түсінеді. Орташа көрсеткіш - 70,1%. (где 100% = сыйлас жемқорлықты түсінудің жоғары деңгейі; 0% = төмен деңгейі).
---	---------------------------------	---	----	------	--

3.2-мақсат. Қоғамның және мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық салаларында сыйлас жемқорлық деңгейін барынша азайту

Сыйлас жемқорлықты түсіну индексі (Corruption Perception Index, НГО Transparency International)	Transparency International рейтингінің деректері	балл	29		Орындалуда «Орталық мемлекеттік органдар мен облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің
---	--	------	----	--	---

					2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 Жарлығына сәкес құқық қорғау қызметі бағаланбайды. Сонымен қатар, рейтингтің нәтижелері ағымдағы жылдың ақпан айында жарияланады.
Дүниежүзілік Экономикалық Форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің нысаналы индикаторлары					
Мемлекеттік секторда қабылданған шешімдердің ашықтығы	ДЭФ ЖБИ рейтингісінің деректері	Рейтингте гі Қазақстан ның орны	28	40	<p>Қол жеткізілмеді</p> <p>ДЭФ ЖБИ жақсарту жөніндегі 2016-2018 жылдарға арналған шаралар жоспарына сәкес</p> <p>барлық мемлекеттік органдарға мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарында әлеуметтік мәні бар іс-шараларға акпараттық материалдарды уақтылы және сапалы орналастыруды қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар бекітілді.</p> <p>Агенттікпен тиісті акпараттық материалдарды Агенттіктің ресми интернет-ресурсында және Ашық үкімет порталында тұрақты негізде орналастырылады.</p> <p>Барлық мемлекеттік органдар аталған индикатордың жауапты орындаушылары болып табылатындығын ескере отырып, оның қол жеткізу бойынша бағалау барлық ел бойынша жағдайын көрсетеді.</p>

Саясаткерлерге қоғамдық сенім	ДЭФ ЖБИ рейтингісінің деректері	Рейтингте гі Қазақстан ның орны	29	39	Қол жеткізілмеді 2016-2018 жылдарға арналған ДЭФ ЖБИ индикаторлардың жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес, Агенттікпен жоспарды жүзеге асыру және әзірлеу бойынша іс-шаралар бекітілді: - мемлекеттік қызметтің имиджін жақсарту; - мемлекеттік қызмет көрсету жүйесін жетілдіру және ағымдағы реформалар туралы акпараттандыру жұмыстарын жүргізу; - этика жөніндегі уәкілетті дербес лауазымға енгізу мәселесін пысықтау. Агенттік тұрақты негізде мемлекеттік қызметті жетілдіру мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізеді. 2017 жылдың 1 маусымында мемлекеттік органдарда дербес Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымы құрылды.
Шенеуніктердің шешім қабылдаудағы фаворитизмі	ДЭФ ЖБИ рейтингісінің деректері	Рейтингте гі Қазақстан ның орны	45	70	Қол жеткізілмеді 2016-2018 жылдарға арналған ДЭФ ЖБИ көрсеткіштерін жақсарту бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес, Агенттік онымен аффилиеренген компанияның лауазымды тұлғалармен мүдделі қолдауды болдырмау бойынша іс-шараларды орындаушы болып табылады.

					2017 жылы іскерлік қызметке немесе мұндай қызметті артықшылықтар мен женілдіктермен жүзеге асыратын үйым немесе басқа нысанды қорғауға заңсыз қатысуына байланысты 15 қылмыстық іс тіркелді
--	--	--	--	--	---

3. Талдамалық жазба

1-стратегиялық бағыт. Кәсіби мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастыру.

1.1-мақсат. Мемлекеттік қызметшілердің құзыретті және кәсіптік корпусын қалыптастыру толық көлемде қол жеткізілген 7 нысаналы индикаторды қамтиды.

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарының бірінші бағытын іске асыру және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының қабылдауы мемлекеттік қызметтің одан әрі кәсібілігін және тиімділігін арттыру үшін негізін қалады.

Мансаптық моделіне көшу мемлекеттік қызметте меритократия принциптерін сақтауды қамтамасыз етті.

Мемлекеттік қызметте кадрларды іріктеу мен ілгерілету процестері жүйелі түрде өзгерді, конкурстардың ашықтығы артты.

Мемлекеттік әкімшілік қызметтке жалдау бойынша тәсілдері құқық қорғау бөлімінің іріктеуіне таратылды.

Қабылданатын шаралар мемлекеттік қызметтің тұрақтылығы мен тартымдылығын арттыруына оң әсерін тигізді.

Мысалы, 2 жыл ішінде мемлекеттік қызметті тастағысы келетіндер саны екі есе төмендеді (2015 жылы - 11 086 адам немесе 11,2%, 2016 - 6206 немесе 6,3%, 2017 - 6121 немесе 6,2%).

Жаңа модель шеңберінде конкурс бойынша және төменгі деңгейдегі тәжірибе арқылы ғана мемлекеттік қызметтің мансаптық ілгеруіне және тұрақтылығына ықпал етеді.

Откен жылы тағайындалған қызметкерлердің жалпы санының жартысынан көбі (5 186 немесе ішкі конкурстар негізінде 9 829% -тен 52,7%) жоғары лауазымдарға тағайындалды.

Байқашылар мен сарапшылардың қатысуымен өткізілген конкурстардың (ішкі және жалпы) үлесі 85,6% құрды, бұл откен жылға қарағанда 9,7% артық (2016 жылы - 78%).

Қабылданған шаралардың нәтижесінде мемлекеттік қызметтің тартымдылығы артып келеді, бұл оның бастапқы деңгейіне (2015 жылы - 2,522, 2016 - 8,270, 2017 - 8 951 адам) түсken адамдардың санының жыл сайын артуымен расталады. Соңғы уш жылда олардың саны 3,5 есе есті.

Жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша ұлттық респонденттердің 63%, сондай-ақ халықаралық сарапшылар мемлекеттік аппаратты жетілдіру саласындағы атқарылған жұмыстарды жоғары бағалап, мемлекеттік қызмет жүйесін ЭҮДҰ стандарттарына жақындей түсіне айтарлықтай ілгерлеуді көрсетті.

2018 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша мемлекеттік қызметкерлердің штат саны 98 499 құрайды, нақты саны - 91 830 адам немесе 93,2%. Оның ішінде 55% (50 491) әйелдер.

Анықтама: саяси мемлекеттік қызметшілердің үәкілетті саны - 436 бірлік, әкімшілік - 98 063 бірлік, оның ішінде «А» корпусы - 279 бірлік, «В» корпусы - 97 784 бірлік.

Мемлекеттік саяси қызметшілердің нақты саны 428 немесе 98,2% құрайды; «А» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметкерлері - 267 немесе олардың штаттық санынан 95,7%; «В» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметкерлері - 91 135 немесе олардың штаттық санынан 93,2%.

Мемлекеттік саяси қызметшілердің арасында әйелдердің үлесі 9,3%, «А» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің арасында - 4,1%, «В» корпусы - 55,3%).

Мемлекеттік қызметшілердің орташа жасы бүрынғыша 38,6 жас.

Мемлекеттік қызметшілердің сапалық құрамы жақсарды.

Сонлай-ақ, жоғары білімі бар мемлекеттік қызметшілердің саны 0,4%-ға артып, бүгінгі күні 91,8% (84 310 адам) құрайды.

Казіргі уақытта Мемлекеттік басқару академиясының 740 түлегі және «Болашақ» бағдарламасының 505 түлегі мемлекеттік қызметте жұмыс істейді.

Осылай, мансап моделіне көшкенне бастап Академия түлектері мен «Болашақ» бағдарламасының түлектерінің саны мемлекеттік қызметте 1,8 есе артты (2014 жылы - 408 және 277).

Үздік кадрларды тарту және ұстау үшін жағдай жасау мақсатында, мемлекеттік қызметшілердің жалақысын жеке сектормен бәсекеге қабілеттілігін арттыру және «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 5 және 6-қадамдарын іске асыру үшін 2017 жылы жаңа жалақы жүйесі әзірленді.

Оның айрықша ерекшелігі, тиімді қызметкерлерге 4 лауазымды жалақыдан және жоғары жылдық бонус төлемдері болып табылады.

Анықтама: ү.ж. Факторлы-баллдық шкала негізінде жаңа сыйақы жүйесі пилоттық режимде Агенттікте, Әділет министрлігінде, Астана және Маңғыстау облысының әкімдіктерінде енгізілді.

Жыл ішінде Агенттік оны қолдану тәжірибесін талдап және мемлекеттік аппараттың жұмысының әсерін бағалайды.

Пилоттық апробация аяқталғаннан кейін, жобаны елдің барлық мемлекеттік органдарына енгізу бойынша ұсыныстар енгізілетін болады.

Сонымен қатар, өткен жылы «100 нақты қадам» Ұлттар жоспарының 15-ші қадамын жүзеге асыру бойынша 66 663 қызметкер мемлекеттік қызметшілердің әлеуетін анықтауға бағытталған кешенді аттестациядан өтті.

Әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің мұндай кең көлемді бағалауы алғаш рет өткізілді. Инновация ретінде Бірыңғай құзыреттілік шеңберін қолдануы болды.

Сұхбат қорытындысы бойынша аттестациядан өткен қызметкерлердің 91,5% (61 111) лауазымдарына сәйкестігі туралы шешім қабылданды, 7,2% (4 851) қызметкерлерді жоғары жоғарылатуға, тәмендетуге – 1,1% (747) және жұмыстан босату - 0,2% (140) ұсыныс берілді.

Сонымен қатар, қызметкерлердің біліктілігін арттыру үшін салалар анықталды. Олар Мемлекеттік басқару академиясы дайындаған арнайы бағдарламалар бойынша оқытудан өтеді.

Өз кезегінде, өткен жылы қызметкерлердің кәсібилігін арттыру мақсатында Академия білім беру үдерісіне өзгерістерін сәтті өткізді, жетекші халықаралық тәжірибелерге оқыту стандарттарын келтірді. Оқу үш тілде (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) жүргізіледі. Облыс әкімдіктеріндегі аймақтық біліктілікті арттыру орталықтары Академияның филиалдарына айналды.

2017 жылы қайта даярлау мен біліктілікті арттыру курсын өтуге жататын орталық мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметкерлер саны 11 172 адамды құрады.

Сауалнама нәтижесінде Мемлекеттік басқару академиясында білім сапасына қанағаттанған мемлекеттік қызметшілердің үлесі 88,5% құрады.

Білім беру мен ақпараттық технологияларды кеңінен қолдануға мүмкіндік беретін «Цифрлық Академия» жобасы басталды. Осының арқасында жергілікті мемлекеттік қызметкерлер қашықтықтан және нақты уақыт режимінде түрлі салалардағы жетекші халықаралық сарапшылардың дәрістерін тындай алады.

Мемлекеттік қызметті одан әрі кәсібілендіру мақсатында халықаралық тәжірибелі ескере отырып, 2017 жылы, «А» басқару корпусы 241 бірлікке (519-дан 278-ға дейін) оңтайландырылды.

Оның ішінде басқарушылық функцияларды атқаратын лауазымдар ғана қалды: жауапты хатшылар, комитет төрағалары, аппарат басшылары және аудандардың әкімдері.

Анықтама: орталық мемлекеттік органдар бөлімдерінің басшылары, Президент Әкімшілігінің сектор менгерушілері, Аудит жөніндегі комиссия төрағалары мен мүшелері алыныш тасталды.

Осы институтты нығайту мақстасында 2017 жылы «А» корпусының екі санаты бойынша кадрлар резервіне - аудандық комитеттердің төрағалары мен әкімдеріне іріктеу жүргізілді.

Откен іріктеулермен салыстырғанда, мемлекеттік емес сектордағы үміткерлердің саны 26% артты (2015 жылғы 19% -дан 2017 жылы 24% -ға дейін), бұл мемлекеттік қызметтің тартымдылығының артқандағының көрсетеді.

Бұдан басқа, Агенттікпен мемлекеттік қызметшілерді ынталандыру, олардың жетістіктерін насиҳаттау және еңбегін мойындау, сондай-ақ әлеуетті дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Откен жылы Агенттіктің бастамасымен және Президент Әкімшілігінің қолдауымен Қазақстан тарихында алғаш рет Мемлекеттік қызметшінің күнін мерекелеу қарсаңында «Елдің үздік мемлекеттік қызметшісі» байқауы өткізілді, женімпаздарды Мемлекет басшысы жеке құттықтады.

Мемлекеттік қызметті кәсібілендіру және оның тиімділігін арттыру үшін Агенттікпен әдіптік нормаларын сактау мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Бұл бағытта Кеңестер мен Әдеп жөніндегі уәкілдер маңызды рөл атқарады.

2017 жылы Әдеп бойынша кеңесімен 176 кездесу өткізілді, онда 1130 мәселе қаралды.

Оның ішінде:

- мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың бұзылуына және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алуы жөнінде 253 сұрақ;
- тәртіптік комиссиялар мен этика жөніндегі комиссарлардың қызметі жөнінде 112 сұрақ;
- сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдаудың 94 нәтижелері;
- 545 тәртіптік іс;
- 126 өзге сұрақтар.

2539 ұсыныстар мен ұсынымдар әзірленді, олардың 2517 орындалды (99,1%).

545 тәртіптік істерді қарау нәтижелері бойынша Кеңестермен қызметкерлерді жауапкершілікке тарту туралы 400 ұсыныс енгізілді.

Откен жылы Кеңестер мен Әдеп жөніндегі уәкілдердің жұмысы жетілдірілді.

Әдеп кеңестерінің сапалы құрамында елеулі өзгерістер болды. Егер бұрын Тәртіптік кеңестің мүшелері мемлекеттік органдардың бірінші басшыларынан немесе көбінесе құқық қорғау және қадағалау басқармасынан болса, қазіргі уақытты Әдеп кеңесінде мүшелердің 60% астамы ҮЕҰ өкілдері, облыстық БАҚ бас редакторлары, ғылыми және білім беру қауымдастыры, облыстық мәслихаттардың депутаттары Ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Атамекен» өнірлік филиалдарының басшылары.

Әдеп жөніндегі кеңестің мүшелерімен мемлекеттік қызмет туралы заңның және Әдеп кодексінің бұзылуын болдырмау бойынша БАҚ-да 6 556 сез сөйлеу туралы 4751 семинар-кеңестер, дөңгелек үстелдер, брифингтер мен конференциялар өткізді. Сондай-ақ, Кеңестердің жұмысы туралы ақпаратты Facebook әлеуметтік желісінде тұрақты негізде орналастырады.

Сонымен қатар, pilotтық режимде Астана, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстарының Әдеп жөніндегі кеңесінің мүшелері әдеп бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған дербес өкілеттіктер берілді.

Жоба шенберінде олармен мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың нормаларын сактауға, сондай-ақ мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссияларының жұмысын талдау мен қызмет көрсету үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде мемлекеттік органдарға бару профилактикалық және азаматтарды қабылдау ұйымдастырылды.

Бұдан басқа, олармен белсенді түрде түсіндіру жұмыстары, мемлекеттік органдардың веб-сайттарына мониторинг жүргізіледі, сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау үшін ұсыныстар енгізіледі.

Ұлт жоспарының 12-қадамын орындау және мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғауды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 1 маусымдағы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Жарлығына сәйкес, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда 29 Әдел жөніндегі уәкілдердің дербес лауазымдары енгізілді.

Бұдан бұрын бұл лауазым мемлекеттік органдың мемлекеттік қызметкеріне жүктелді және ол оны қоса атқару бойынша жүзеге асырды.

Сонымен қатар, 744 мемлекеттік органдарда (ПӘ, ПМҚ, ЖСҚ, КК, ЕҚ, ПБ, ОСҚ, МСМ, ДАҚМ, ҚАӨМ, аудандық және қалалық әкімдіктер - 216, ОМО комитеттері - 32, инспекциялық комиссиялар - 16, ОМО аумақтық бөлімдерінің бөлімшелері мен кеңселері - 378), Әдел жөніндегі уәкілдердің функциялары басқарушы лауазымдарда жұмыс істейтін және колективте құрметке ие болған қызметкерлерге жүктеледі.

Осылайша, қазіргі уақытта Әдел жөніндегі уәкілдердің институты бүкіл әкімшілік мемлекеттік қызметке таратылған.

Олардың жұмысын қадағалау үшін Әдел жөніндегі уәкілдердің қызметі туралы есептің нысандары және жасырын сауалнамасы үшін сауалнама парағы Агенттік Төрағасының м.а. 2017 жылғы 4 тамыздағы № 156 бұйрығымен бекітілді.

Анықтама: 2017 жылы Әдел жөніндегі уәкілдердеге сұраулармен консультация алғандар саны азаматтармен мемлекеттік қызметшілер саны 3461 (2016 - 445), 50 мыңға жуық мемлекеттік қызметкерлерді қамтитын жасырын сауалнамалар, өткізетін семинарлар саны 15 еседен астам артты (2017 - 5070, 2016 жылы - 318), БАҚ-да жарияланымдар 3 есе артты (396-дан 1430-та дейін).

Әдел жөніндегі уәкілдері 2017 жылы жеке және заңды тұлғалардан 400-ден астам өтініш қаралды, олардың 59 растауын тапты (қалғаны құзыретті органға жіберілді немесе расталмады).

Мемлекеттік қызмет саласында бақылау бойынша жұмыс жалғасуда.

Откен жылы 1202 тексеру жүргізді, оның қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет шеңберінде және қызметтік әдел нормаларында 18363 заң бұзушылық анықталды.

Заң бұзушылықтардың ең көп саны:

- мемлекеттік қызметшілерді бағалау - 6389 (35%);
- мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту тәртібі - 1264 (7%);

- бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға арналған конкурстық рәсімдер - 1558 (8%);
- сынақ мерзімін өткізу - 815 (4%);
- мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру тәртібі - 1004 (7%);
- қызметтік әдеп нормаларын сақтау - 675 (4%);
- мемлекеттік қызметшілердің негізгі құқықтарын сақтау – 939 (5%) бөлімдерінде анықталды.

Тексерулердің қорытындылары бойынша 650 мемлекеттік органға заң бұзушылықтар бойынша қабылданған шешімдердің күшін жою туралы ұсыныстар мен бұзушылықтарды жою туралы ұсыныс жасалды, оның 638 орындалды (98%).

Тексеру нәтижелері бойынша 305 өтініш берушінің немесе 52% үміткерлердің құқықтары қалпына келтірілді. 2016 жылмен салыстырганда құқықтарын қалпына келтірген адамдардың саны 60% артты.

Сонымен қатар, Агенттік және оның аумақтық бөлімшелеріне түскен өтініштердің саны үштен бірге артты (2016 жылы - 4937, 2017 жылы - 6836), бұл халықтың Агенттік қызметіне деген сенімінің артуын көрсетеді.

2-стратегиялық бағыт. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру

2.1-мақсат. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылауды арттыру

Аталған бағытта қарастырылған 2 нысаналы индикаторға қол жеткізілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында 2017 жылы қызметтердің 55 түрі бойынша оларды көрсетудің сапасына қоғамдық мониторинг жүргізілді. Тізілімдегі қызметтер санын ескере отырып (746), қоғамдық мониторинг қамтыған қызметтердің үлесі 7,4% кұрады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты мемлекеттік бақылауды жетілдіру мақсатында Агенттік жүйелі түрде мемлекеттік қызмет көрсету туралы заңнаманы сақтау жөнінде мемлекеттік органдардың немесе лауазымды тұлғалардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне қатысты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау жөніндегі жұмыс жүргізуде.

Мәселен, 2017 жылы мемлекеттік қызмет көрсету сапасына қатысты 690 өтініш келіп түсті, 513-і (немесе жалпы келіп түскен шағымдардың санының 74%) қаралды.

Анықтама: таңдау сапасыз міндет атқару (42%), негізсіз мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту (23%) және мемлекеттік қызмет көрсету стандарттарды мен ережелерді сақтамау (9%) туралы мемлекеттік органдардың іс-қимылына шағымдардың жисі болуын көрсетті.

Сондай-ақ, есепті кезеңде Агенттік мемлекеттік қызмет көрсету туралы заңнаманың сақталуы бойынша 929 тексеріс жүргізілді (таңдамалы – 343 (37%), жоспарланбаған - 586 (63%), 370 мың заң бұзушылықтар анықталды.

Анықтама: мемлекеттік қызмет көрсету кезінде қажетсіз құжаттарды сұрату – 191 мың (немесе 51,6%), құжаттардың толық емес кезінде қызмет көрсету – 121,4 мың (немесе 33%), бизнес-процесстердің бұзылуы – 35 мың (немесе 9,4%), қызмет көрсету уақытының сақталмауы – 3,1 мың (немесе 0,83%).

Ең көп заң бұзушылық келесі салаларда жасалған: еңбекті қорғау, халықты әлеуметтік қорғау (144 мың немесе 39%), ауыл шаруашылығы (120,5 мың немесе 32,5%), отбасы мен балалар (21,9 мың немесе 6%), жеке тұлғалар мен азаматтарды тіркеу (17 мың немесе 4,5%), сәулет және қала құрылышы (17 мың немесе 4,5%), білім және ғылым (17 мың немесе 4,5%).

Әкімшілік практиканы қүшейту мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі бойынша бұзушылық санын 4 есеге азайтуға мүмкіндік берді (2016 жылы 13,4 мың бұзушылық, 2017 жылы 3,1 мың) анықталды.

Сонымен қатар, өзекті мәселе ретінде мемлекеттік қызмет көрсетуге қатысты байланыстарды азайту болып қала береді, себебі сыйайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар лауазымды тұлғалармен тікелей қарым-қатынастан пайда болады.

Бүгінгі таңда Тізілімдегі 746 мемлекеттік қызметтің 12% (90) толығымен «электронды үкімет» порталы арқылы, 11,4% (85) мемлекеттік корпорация арқылы, 59,4% (443) қызмет көрсетуші, мемлекеттік корпорация мен портал арқылы, 17,2% (немесе 128) тек қызмет көрсетуші арқылы азаматтарға электронды түрде қолжетімді.

2017 жылы 131,7 млн. қызмет көрсетілді, оның ішінде 47% (62,2 млн.) электронды түрде, 23% (30,9 млн.) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы.

Агенттік мемлекеттік қызметтерді электронды түрде ауды кеңінен таратады.

Осылайша, барлық аймақтарда Агенттіктің бастамасы бойынша «электрондық үкімет» порталы арқылы жұмыс жасау дағдыларын үйрету, оның ішінде оқыту ұйымдарында кейінгі оқытууды ұйымдастыру үшін информатика оқытушыларын тарту.

Атырау облысында тиісті әкімдіктерге қажетті жабдықты (компьютерлік, сканер, принтер) қамтамасыз ету және «электрондық үкімет» порталымен жұмыс істеу бойынша кеңес беру үшін штаттан тыс маманды бекіту арқылы ауылдық жерлерде тұратын азаматтар үшін электрондық үкіметтің қызметтерін қамтамасыз ету үшін арнайы жоба жүзеге асырылды.

Қарағанды облысында әкімдіктермен бірлесе (18 қалалық және аудандық әкімдіктер) 202 елді мекендерде «Өзін-өзі қызмет көрсету секторлары» ашылған, 158 мың адам электронды сандық қолтаңбамен қамтамасыз етілген (немесе әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан белсенді халық санының 23%).

Сонымен қатар, Орал қаласының әкімдігінде қызмет көрсетуші мен қызмет алушы арасындағы өзара іс-қимылдарын негізгі қағидаттарын (қызметтер көрсету үдерісінің айқындығына, электрондық кезек жүйесі, ынғайлы күту аймағы) қамтамасыз ету арқылы әкімдіктің кеңесі мен бөлімдерінде «бір терезе» арқылы халыққа мемлекеттік қызмет көрсету бойынша «қолжетімді әкімдік» жобасы жүзеге асырылуда).

Бұл «қолжетімді әкімшілік» жобасы іске асыру бойынша бастама барлық деңгейдегі 81 әкімдіктерде жалғастырылды және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметтер көрсету аясында осы жоба бойынша тұрғындарға ақпараттық және кеңес беру қызметі қолжетімді, сондай-ақ өтініштер шағымдар қабылданады.

Сонымен қатар, Агенттікпен барлық деңгейдегі 2393 әкімдіктерде және орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінде өзін-өзі қызмет көрсету бұрыштарын құру және оларды электрондық мемлекеттік қызметтер ұсыну үшін оғистік жабдықтармен жабдықтау қажеттілігі бойынша мәселесі пысықталған.

Астана мен оның бөлімшелерінің көші-қон қызметі басқармасын тексеру барысында анықталған мәселелерге байланысты азаматтарды тіркеу саласындағы «бір терезе» қағидаты бойынша арнайы көші-қон ХҚО іске қосылды.

Арнайы көші-қон ХҚО сондай-ақ Петропавл қаласында ашылды.

Сыбайлас жемқорлық қаупін болдырмау мақсатында Агенттік «жасырын» мемлекеттік қызметтерді анықтап, мемлекеттік қызмет көрсетудің бірынғай стандарттарын қолдау барысында процестің ашықтығын қамтамасыз ету, қызмет көрсетушілердің билікті асыра пайдалануын азайту, мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға жүйелі негізде жұмыс жүргізілуде.

Қазіргі уақытта, Агенттік «Мемлекеттік қызмет» белгілері бар 300-ден астам қызметтерді анықтаған.

Оның 54-і Тізілім құрамына енгізілген болса, тағы да 50-і қосу кезеңінде.

Сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің көрсететін қызметтерінің сапасын жақсарту бойынша да жұмыс жүргізілуде.

Осылайша, Агенттіктің ұсынымдарына сәйкес № 1 «Астана Энергия тарату» қызмет көрсету орталығының көрсеткіштері жақсартылды (курделі жөндеу жүргізілді, «кедергісіз» қызмет көрсету қарастырылды, операциялық

залкеңейтіліп, электрондық кезек құрылды, кеңес беру үшін қабылдау орны бар, өзіне-өзі қызмет көрсете алатын, үстелдерде құжаттардың үлгілері көрсетілген күту секторы құрылды).

Нәтижесінде, республиканың 50-ден астам коммуналдық қызметтерінің жұмысы өзгерді, қазіргі уақытта қызметтерді жақсарту («кедергісіз» қағидаты қызмет көрсете, қосымша күту орындарын ұйымдастыру, мультикасса, қолма-қол ақша-терминалдары, желдеткіш жүйелерін орнату, операторлар санын ұлғайту, және т.б.) жұмыстары жүзеге асырылуда.

Оң өзгерістер Алматы қ., Ақтөбе және Атырау облыстарындағы «КазТрансГазАймақ» АҚ, сондай-ақ Жамбыл облысындағы «Тараз қалалық электр жүйесі» ЖШС, Шығыс Қазақстан облысындағы «Шығысэнерготрейд» ЖШС, «Водоканал» ГКП, «Тепловые сети» АҚ орын алды.

Қостанай қаласында тұрғындар үшін 4 өндірістің (МКК «Қостанай Су», «КЭЦ» ЖШС, «КТЭК» МКК және «Тазалық 2012» ЖШС) коммуналдық қызмет көрсетудің бірыңғай Орталығы ашылды. Мұнда барлық коммуналдық қызметтерді төлеуге және есептеулерді тексеруге, шартқа отыруға, тұрғын үй жәрдемақысы туралы, қарыздың жоқтығы туралы анықтамалар алуға және тағы басқалар туралы (ыстық су, жылу, суық су және кәріз, электр энергиясы, газ, қоқыс, ПКСК, қалалық телефон, ұялы байланыс, интернет, домофон, кабельдік және спутниктік теледидар, салықтар, білім беру, қауіпсіздік және т.б.) ақпарат алуға болады.

Өскемен қаласында «бір терезе» қағидаты бойынша жұмыс істейтін «Шығыс» Бірыңғай Есеп айырысу Орталығы құрылды. Мұнда бірыңғай абоненттік және тексеру қызметтері ұйымдастырылған, коммуналдық шаруашылықтың бірыңғай деректер базасы құрылышп, тұтынушылардың барлық қоғамдық қызметтері бойынша бір төлем құжаты қалыптастырылған.

Азаматтарға ыңғайлы болу үшін «Шығысэнерготрейд» ЖШС коммуналдық шаруашылық істер бойынша айлық төлем сомасын SMS-пошталық жүйе арқылы хабарлау (қызметтердің құны 10 тг.) жүйесі енгізілген.

Білім беру процесінің ақпараттық ашықтығы мен айқындығынарттыру, қызметтерін онтайландыру, өзара құрмет мәдениетін құру және сыйайлас жемқорлық көріністеріне төзбейтін орта жасау мақсатында, Агенттіктің бастамасы бойынша жоғары оқу орындарында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ университеті және КазМЗУ орталықтарына 33 Студенттік қызметтер орталығы құрылды.

Анықтама: Астана қ. ЖОО - 7, Алматы қ. - 6, Шығыс Қазақстанда ауданында- 5, Караганды және Оңтүстік Қазақстан аудандарында - 3, Ақтөбе, Атырау және Павлодар аудандарында - 2, Батыс Қазақстан және Жамбыл Маңыстау аудандарында - 1..

Осы орталықтар «Бір терезе» қағидаты бойынша студенттерге әкімшілік, білім беру, медициналық, әлеуметтік және кеңес беру мәселелері бойынша қызметтер көрсетеді, сондай-ақ бірқатар басқа қызметтерді ұсынады.

Республиканың басқа жоғары оқу орындарында да осындай орталықтар ашу жұмыстары жүргізілуде.

Агенттік қабылдаған шаралар бизнес-процестерді жақсарту және мемлекеттік қызметтерді алу кезінде азаматтар үшін қолайлы жағдайлар жасау, сонымен қатар мемлекеттік аппараттың клиенттік бағдарлау мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ осы саладағы ішкі сыйбайлас жемқорлықты азайту үшін мүмкіндік берді.

3-стратегиялық бағыт. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

3.1-мақсат. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігін арттыру

Осы мақсатта көрсеткішке қол жеткізген 3 индикатор қарастырылған.

Мемлекеттік саясаттың өзгеріссіз болып сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы қалады. 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның қабылдануына байланысты басымдылық алдын алуға бағытталды.

Профилактиканың тиімді құралдарының бірі болып сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және зерделеуге бағытталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау және сәйкестендіру болып табылады. Бұл институт ЭЫДҰ елдерінде белсенді қолданылады.

Отken жылы Агенттікпен 313 мемлекеттік орган мен ұйымдардың қызметіндегі жемқорлық тәуекелдері талданылды. 2532 ұсыныс енгізілді, оның ішінде 2016 (немесе 80%) орындалды.

Бұдан басқа, Агенттік пен «Атамекен» ҰКП арасындағы Ынтымақтастық туралы Келісімді іске асыру үшін Жол картасын жүзеге асыру шеңберінде бизнесті дамыту үшін маңызды 16 салада сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізілді.

Анықтама: Денсаулық сактау, ЖОО кәсіпкерлік қызметті дамыту, ауыл шаруашылығы, архитектура және қала құрылышы, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жер қатынастары, мемлекеттік сатып алу, салықтық әкімшілendіру, кедендік әкімшілік ету, табигатты пайдалану және экология, ветеринарлық қадағалау, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, ерт қауіпсіздігі, қауіпсіздік, сот актілерін орындау, көліктік бакылау.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тағы бір маңызды құралы жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

Агенттік бұл бағытта белсенді жұмыс істеп келеді, азаматтық қоғаммен сындарлы диалог орнатылды.

Осылай, Агенттіктің бастамасы бойынша мектептегі сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру үшін «Адал ұрпақ» бағдарламасы жүзеге асырылуда, оның аясында 6 391 ерікті мектеп клубтары құрылды, оның 950 мыңнан астамы (956 713) студенттер болып табылады.

Бұдан басқа, 113 элективті білім беру мекемесінде алғаш рет жастар арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тұру төзімсіздігін қалыптастыруға бағытталған «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негіздері» атты элективті оқу пәні енгізілді.

Халық арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыйбайлас жемқорлық көріністеріне «нөлдік» төзімділік атмосферасын қалыптастыру мақсатында Агенттік 2017 жылы әртүрлі нысаналы топтар үшін 776 372 азаматты қамтитын 10 920 түсіндірме отырыстары өткізілді.

Анықтама: Мемлекеттік қызметшілермен 2 518 кездесу, азаматтық қызметшілермен 2 305, сол және құқық қорғау органдары, 730 кәсіпкерлік және квазимемлекеттік сектор, 333 діни және этномәдени ұйымдар, 580 ЕҰҰ және ЕАҚ, 1853 студент және жастар.

Қазақстанның Кәсіподактар федерациясымен бірлесіп «Парассыз болашаққа. Бірге!» акциясы жүзеге асырылуда.

Оның шенберінде өткен жылы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы топтар өз қызметін жүзеге асырды.

МобиЛЬДІ топтардың мүшелері азаматтардың қабылдауын жүргізе отырып мемлекеттік қызметтерді алу кезінде әкімшілік тосқауыл болған жағдайда немесе сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыққа әкелетін басқа да жағдайлар болған жағдайда түсіндіреді.

Осылайша, 6506 еңбек ұжымы немесе 1,2 миллионнан астам адам ағартушылықпен қамтылады.

Бұдан басқа, өткен жылы Агенттіктің аланында бірқатар ұйымдастырушылық іс-шаралар өткізілді:

- Діни бірлестіктердің қатысуымен «Сыйбайлас жемқорлықты жалпы қабылдамаудың қалыптасуындағы руханилық пен моральдылық» тақырыбына арналған дәңгелек үстел (2017 жылғы 24 ақпанда);

- сыйбайлас жемқорлықпен курес жөніндегі азаматтық бастамалардың I Конгресі (2017 жылғы 15 наурыз), ол азаматтық қоғам ұсынған 5 сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жобаны іске асыруға себепші болды;

- Жоғары оқу орындарының «Университет менеджменті жағдайындағы академиялық тұтастық саясаты» тақырыбындағы телекөпір (2017 жылғы 17 наурыз). Осы іс-шараның нәтижесінде Білім және ғылым министрлігі еліміздің барлық жоғары оқу орындарында Академиялық адалдық кодексін қабылдау мәселесін қарастыруды;

- Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің «Сыйбайлас жемқорлықты жалпыға бірдей қабылдамау - бірлік пен тұрақтылық кепілі» тақырыбындағы дәңгелек үстел (2017 жылдың 21 маусым);

- «Қоғамдық сананы жаңғырту түрғысынан академиялық адалдық» тақырыбы бойынша жоғары оқу орындарының телекөпірі (2017 жылғы 24 қараша). Телемост «Абаройлы ұстаз» эстафетасының басталуына жол берді.

2017 жылы 232 баспасөз конференциясы мен брифингтер өткізілді.

Басылымдарда сыйбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптар бойынша 6645 мақала жарияланған, Интернетте 16 829 жарияланым, 3202 теледидар және 1658 радио бағдарлама шығарылды.

Сонымен қатар, 28 телеарнада және 11 радиостанцияда коррупцияға қарсы бейнероликтер таратылды.

Азаматтарға тікелей хабарлау мақсатында Агенттікпен «Есіктен-үйге» бағдарламасы іске асырылды. Оның аясында азаматтарға коммуналдық төлемдер бойынша түбіртектермен бірге пәтерлерге 25 миллионға жуық сыйбайлас жемқорлыққа қарсы парап таратылды, жалпы жиналыш орындарында 2,8 миллионнан астам плакаттар мен ескертулер таратылып, 1 688 баннер орнатылды.

Бұдан басқа, 2015-2025 жылдарға арналған Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны іске асырудың бірінші кезеңі аяқталды (үш жыл ішінде 64 іс-шара өткізілді).

Осылайша, әкімшілік кедергілер айтартықтай қысқарды және түрмистық сыйбайлас жемқорлық төмендеген (Қазақстан Doing Business 2018 рейтингінде 36-шы орынды иеленді, Қазақстандық стратегиялық зерттеулер институтының қорытындысы бойынша қазақстандықтардың 80% сыйбайлас жемқорлыққа тап болмаған).

Мемлекеттік аппараттың ашықтық элементтері енгізілді («Ашық үкімет» электронды ресурсы жұмыс істейді, әкімдер мен мемлекеттік органдардың басшыларының 213 есеп беру кездесулері өткізілді, 229 қоғамдық кеңестер құрылды).

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясында белгіленгендей квазимемлекеттік және жеке сектордағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттерді орындау мақсатында, сондай-ақ «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын іске асыру шенберінде, Агенттік пен «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы арасында Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды.

3.2-мақсат. Қоғамның және мемлекеттің тыныс-тіршілігінің барлық салаларында сыйбайлас жемқорлық деңгейін барынша азайту

3.2-мақсат. «Сыйбайлас жемқорлықты қабылдау индексі» (Corruption Perception Index, НГО Transparency International) көрсеткішін қамтиды. Осы мақсатқа жету үшін Агенттіктің Стратегиялық жоспары 014 «Сыйбайлас жемқорлық қылмыстарымен күрес бойынша бірынғай мемлекеттік саясатты қалыптастыру және енгізу» бюджеттік бағдарламасы қарастырылған.

Ол бойынша, шығыстар Құқық қорғау органды болып табылатын Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық бюроның жұмысын қамтамасыз етуге және қамтамасыз етуге бағытталған.

Мемлекет басшысының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 954 «Аймақтардың орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарының, республикалық маңызы бар қаланың, астананың қызметі тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесі туралы» Занына сәйкес құқық қорғау органдарына бағалау жүргізілмейді.

Сонымен қатар, осы рейтингтің нәтижелері ағымдағы жылдың ақпанынды жарияланады.

Төраға

А. Шпекбаев